

Тобы: “Достық”

Тәрбиеші: Елешова А.З

Тақырыбы: Математика патшалығы

Оқу қызметінің мақсаты: Өтілген оқу қызметтерінен алған білімдерін бекіту.

Күтілетін нәтиже: Балалар сұраққа жауап береді. Пішіндерді танып, ажыратады. Сандарды тура және кері санайды және есептерді шығарады.

Қайырлы күн балалар оқу қызметімізді бастауға дайынбызба?

Ендеше шаттық шеңберімізді бастаймыз.

Дөңгеленіп тұрайық

Шеңберді біз құрайық

Қол ұстасып бәріміз

Ақ тілекті жолдайық.

Жарайсындар балалар. Бір-бірімізге ақ тілек айту арқылы оқу қызметімізді бастаймыз. Балалар біз сендермен математика әлеміне саяхатқа баратын боламыз. Ол үшін сендердің көмектерің керек.

Берілген тапсырманы жақсылап орындасақ, біз саяхатқа аттана аламыз.

Тапсырманы орындаймызба балалар? Иә (бәрі бірге)

1тап. Геометриялық пішіндер.

Қане балалар біз екі топқа бөлінеміз. 2 топқа да геометриялық пішіндер беріледі және суретті тақтаға ілеміз.

Суретке қарап геометриялық пішіндерді жапсырамыз. Балалар мында көптеген геометриялық пішіндер бар, солардан суретті құраңдар.(жапсырамыз)

Қане балалар берілген тапсырманы орындап болдықпа ендеше 1 топ және екінші топ қайсысымыз болдық. Балалар сіздер қандай сурет құрап жапсырдыңыздар және қандай пішіндермен? Түстері қандай? Жарайсындар балалар (Ұшбұрыш, шеңбер, төртбұрыш, шаршы)

Берілген тапсырмамен суретіміз сәйкес келеме балалар. Үйіміз бар, шыршамыз бар, кун т.б бар. Жарайсындар балалар.

Ал, ендігі келесі тапсырмамыз сандармен жұмыс жасаймыз. Мынау не балалар. Пойыз.

Пойызда нелер бейнеленген? Я сандар. Сандар бойынша пойыз вагондары түгелме? Жоқ. Ендеше вагондарды сандарына қарай толықтырамыз. Қанікей қайсымыз шығамыз. Тапсырма түсініктіме балалар. Олай болса іске сәт бастаймыз. Кім болды. Я Айзере айтағой қандай саны бар вагонмен толықтырдық. Я дұрыс жарайсың. Келесі кім толықтырады.

Жарайсындар енді осы вагондағы сандарды санайықшы. 0, 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9 еді кері санайық. Жарайсындар балалар. Балалар шаршадыңдарма олай болса бой сергітіп алайық. Музыкамен билеп аламыз.

Ал серігіп болдықпа балалар. Жарайсындар балалар. Ендеше соңғы тапсырма есептер шығару. Саусақты санау арқылы есептер шығарамыз. (сандарды жапсыру арқылы есеп шығарады)

Ал балалар математика патшалығына жету үшін көптеген тапсырма орындадық. Олар қандай тапсырмалар. Пішіндермен жұмыс жасадық. Балалар бүгінгі оқу қызметі ұнадыма?

Балалар: Я. Жарайсындар балалар олай болса бір-бірімізді қол шапалақтау әдісімен бағалайық. Жарайсындар балалар.